

# Баян



№37 (11451) 29 қыркүйек, 2023 жыл

## Құрметті ардагерлер! Қазыналы қариялар!

Сіздерді 1 қазан - Балықаралық Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазан - қианда үлкенді құрметпен, «құрты бар ел - қазыналы ел» деп құрметтен құрметтеген халық.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - атабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағалындарыңыздың біз үшін орны дөлек. Сөзбеі әрқайсыларыңыздың өмірдің өсіп-өркендеуіне ерекше үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Сіздер ұлт руханиятының маңызы салаларына өмісүеіз үлес қосып, елдің дамуы жолында аяндай еңбек еттіңіздер.

Бүгінгі қазыналы құрметті кезеңде де Жас бұрынға тағалымы көрсетіп келесіздер. Сіздер көпті көрген көрген және біз үшін даналықтың қайнар көзісіздер! Біз сіздердің өнегелі еңбектеріңіз бен жетістіктеріңізді, барлық ізгі қасиеттеріңізді ерекше құрметтейміз. Біз сіздермен мақтанабыз!

Жас ұрпақ үшін Жасаған барлық Жазғылықтарыңыз үшін шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Өмірлік құш-құттарыңыз ұзағынан болсын! Біздерге жол көрсетіп, тәлімқазы болып, аман жүріңіздер!

## Құрметті ұстаздар! Педагогика саласының ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке - ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осы жылдан бастап Үкімет қаулысымен, 5 қазан күні, еліміз Ұстаздар күнін - кәсіби мамандар мен білім саласы қызметкерлерінің төл мерекесін атап өтеді.

Біз үшін бұл мереке - саналы да сапалы білім беру үрдісіндегі әрбір оқытушының шынайы еңбегі мен мәртебесін атап өтетін күн болып табылады. Еліміздің өскелең жас ұрпағын біліммен сусындатып, әрқайсысы үшін үлкен өмірге даңғыл жол салып беретін ұстаздардың адал еңбегін ерекше бағалаймыз!

Осы айтулы мереке қарсаңында сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен іскерліктеріңізді, кәсіби біліктіліктеріңіз бен шығармашылық ізденістеріңізді жоғары бағалап, атап өткім келеді. Аудан тарихында білім саласында жеткен жетістіктер көп болса, оның барлығы да сіздердің әрқайсыңыздың қосқан үлестеріңіз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге мол табыс тілеймін! Мақсаттарыңыз орындалып, биік жетістіктерге жете беріңіздер. Мереке құтты болсын!

### Апта айшығы

# Тұрғын үй – түйткілді мәселе

Осы аптада аудан әкімінің аппараттық мәжілісінде тұрғын үй мәселесі қозғалды. Жиында коммуналдық тұрғын үйлерде тұрмайтын азаматтар мен пәтерлерді анықтау жұмыстары жүргізіліп жатқаны анықталды. Тексеріс жұмыстарын арнайы комиссия қарастырып, ревизия өткізуде. Осы орайда, барлық ауылдық округтерде экономиканың нақты секторы бөлімінің балансына берілмеген коммуналдық тұрғын үйлер бойынша жұмыс жүргізуді аудан әкімі жіті қадағалауды тапсырды.

Баспана мәселесі қашанда өзекті. Белгілі бір шаршы метрге қолын жеткізе алмай жүргендердің саны артылып барады. Өкінішке орай, адамның тұрмыс деңгейінің сапасын айқындайтын негізгі жетістігі баспана болып отыр. Тұрақтылыққа бет бұрған жұртшылық бір телім жерді немесе бір шаршы метрлі үйді қалайтыны айдан анық. Дегенмен, үкімет тарапынан бөлінген тұрғын үйде өздері тұрмақ түгілі, жалға беруді жүргізіп жүргендер де жоқ емес. Өзіне де емес, өзге де емес. Шегі жоқ келеңсіздіктерді жойып, мұқтаж жанның тілегі орындалып, баспаналы болғаны абзалырақ. Сол себепті, арнайы комиссия тексерінен соң тұруға ыңғайланған үйлер болып жатса, кейін тұруға жалға берілсе кезектің біраз жылжитыны да сөзсіз. Мемлекет ең алдымен мүгедектігі бар, толық емес отбасыны, жетім балаларды, көп балалы отбасыларды алдыңғы қатарда қарастыратыны да жөн. Бүгінде аудан бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтер алуға мұқтаж 200-ден астам адам тіркеуде тұр. Кезектің қалай жүріп жатқанын белгілі құзыретті органдардан нақтылай алмадық. Дегенмен, әлеуметтік маңызы бар мәселенің көтеріліп жатқанын құптауымыз.

Осы жылы бірнеше тұрғын үйлердің құрылысы басталмақ екенін аудан басшысы Ардақ Әнуарбекұлы тұрақты кездесуінде атап өткен еді. Осыған дейін бірнеше тұрғын үйлердің құрылысын бақылаған тұрғындар сапасы сын көтермейтін үйлердің жағдайын да елеп ескергендерін қалайды.

Ж.ҚАТАЙ



## «Діни экстремизм және терроризм»

Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 20-21 күндері аралығында Баянауыл ауданы «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту» ММ-нің ұйымдастыруымен Торайғыр, Баянауыл, Ж.Аймауытов ауылдарында Павлодар облысының бас имамы Жолдас Қажы Қоспақұлы және Павлодар қаласы конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығының ақпараттық түсіндіру бөлімінің басшысы Асанбаева Зайда Өмірбекқызының қатысуымен, жасөспірімдерге, оқушыларға, студенттерге, ауыл тұрғындарына терроризм және экстремизм туралы терең түсінік беру, оның түрлерімен зардаптарын ұғындыру мақсатында, жастар арасында діни экстремизм және терроризмді алдын алу тақырыбында семинар өтті.

Семинарға мектеп оқушылары, колледж студенттері, ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері қатысып, Па-

влодар облысының бас имамы Жолдас Қажы Қоспақұлы барлық ауылдық жерлерді аралап, тұрғындармен кездесіп, ауыл имамдары толықтай қатысып, терроризм мен экстремизм жайлы ақпаратты тыңдап, ұғынып, өздеріне ой түйді. Жастарды терроризм мен экстремизм жолдарынан қалай сақтап қалу керектігін айтты.

Ауыл тұрғындарына түсіндірілген мәлімет бойынша, әрбір азамат қоғам тыныштығы үшін діни экстремизмге және терроризмге табанды түрде қарсы тұруы тиіс. Кемеңгер бабаларымыз «алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер», - деп елді бірлікке шақырып отырған. Еліміздің тәуелсіздігін нығайту үшін, елімізде ұлтаралық және дінаралық татулықтың сақталуы үшін бір кісідей атсалысайық.

**Ішкі саясат, тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі.**

## Балаларға бірге көмек берейік!

Жыл сайын Қазақстанда жаңа оқу жылының қарсаңында «Мектепке жол» қайырымдылық республикалық шарасын өткізу дәстүрге айналған. Әлеуметтік бағыттағы бастама бүкіл ел бойынша 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Акция шеңберінде көп балалы немесе аз қамтылған отбасылардың балаларына мектепке баруға қаржылай немесе заттай қолдау көрсету.

Биылғы жылы «Балаларға бірге көмек берейік!» ұранымен мектебімізде арнайы жоспар құрылып, ауыл тұрғындарына акцияға қатысуға арналған үлгі-насихат жұмыстары жүргізілді.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу – өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып, қайы-

рымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген көзқарасын өзгерту барлық азаматтың борышы.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектебімізге көп балалы және аз қамтылған отбасыларының оқушыларға қол ұшын беріп, демеушілік таңытқан азаматтар аз емес. Атап өтетін болсақ, «Майкөбен-Вест» АҚ-ның директоры Н.Ахметбаев көпбалалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан әр оқушыларға сөмке және оқу құралдарымен қамтамасыз етті.

Осындай игі іске белсене атсалысып, қолдау көрсетіп, көмек қолын созған азаматтарға мектеп ұжымы мен ата-аналар атынан алғыс білдіреміз.

**Т.Жұмбаева,**  
Шөптікөл мектебінің  
әлеуметтік ұстазы.

## Мектепке тағзым етіп, естелік сыйлық жасады

Елдің болашағы баянды болуы үшін, өзінің туған ауылы мен туған жерінің қадір-қасиетін ұғына білетін ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі қоғам алдындағы мүдделі міндеттердің бірі болып отыр. Біздің Ш.Айманов атындағы жалпы білім беретін мектеп-интернатында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы негізінде «Мектепке тағзым!» тақырыбындағы акция жылда дәстүрмен өтуде.

Акцияны ұйымдастырудағы басты мақсаты: өскелең жас ұрпақ бойында туған елге, Отанға, атамекенге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болатын. Мектеп бітірген әрбір түлек алтын ұя мектебін сағынышпен еске алып, түлектердің кездесу кештерін асыға күтеді. Өзі білім алған, саналы тәрбие берген білім ошағын қашанда қадірлеп, соның көркеюіне атсалысады. Түлектер жиналып, «Мектепке тағзым!» тақырыбында ұйымдастырылған акцияға жылдан-жылға белсенділікпен қатысуда. Өткен оқу жылында «Жақсылық жасауға асығайық!» деген атауымен берілген бөлімде мектепті бітіріп кеткен 1998 жылғы түлектер 100000 теңгелік тұрмыстық құралдың сертификатын табыстады. Оған мектеп-интернатына шаңсорғыш пен екі үтік сатып алынды. 2003 жылғы түлектер мектепке жаңа заманауи сандық теледидарды сыйлық ретінде берсе, 2023 жылғы түлектер естелік ретінде мектеп аласын көгалдандыру мақсатында 12 түп шырша отыр-



ғызды. Білім нәрімен сусындатқан, білім қара шаңырағына қанша сый жасасаң да артық емес. Себебі мектеп үйі әр түлектің өз отанындағы қасиетті шаңырақтың бірі.

**Танат Ахатов,**  
Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру  
мектеп-интернатының мұғалімі.

## САДАҚ АТУ ҮЙІРМЕСІ АШЫЛДЫ



**Жаңа оқу жылында Жайма жалпы орта білім беру мектебінің спортқа құштар оқушыларына жағымды жаңалықпен басталды. Мектепте садақ ату үйірмесі ашылды.**

Тарихын тереңнен іздесек садақ ату қарақөз қазақ балалары үшін таңсық дүние емес. Ерте заманда құралайды көзбен атқан қаншама мерген бабаларымыз болған. Солардың ізін жалғастыратын мергендер өзіміздің мектептен де шығады деген сенімдемін. Үйірме жетекшісі А.Мешітбайдың айтуынша, жаңадан ашылған үйірмеге оқушылар зор ықыласпен қатысуда. Жалпы мектебімізде асық ату және бес асық, волейбол, футбол, үстел теннисі, жеңіл атлетика, баскетбол, тоғызқұмалақ, дзюдо, шахмат үйірмелері жұмыс жасап тұр. Жоғарыда көрсетілген үйірмелердің барлығы оқушының тұлға болып қалыптасуына өзіндік үлесін қосатынын білеміз. Салауатты өмір салтын насихаттауда Жайма мектебінің дене шынықтыру мұғалімдері қолдарынан келгенше тер төгуде. Мектебімізде асық атудан 2 оқушымыз спорт шеберіне үміткер. Бір-екі жылда біздің мектептен де садақ атудан аудан, облыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері шығады деген сенім мол.

**Р.Бибаинов,**  
Жайма мектебінің спорт нұсқаушы.

## ОҚУШЫМЫЗ ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Баянауыл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Қазақстан Республикасы «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» Павлодар облысы бойынша қоғамдық бірлестігі Баянауыл ауданымен бірлесе отырып, мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту жөніндегі 2023 жылға арналған жоспары негізінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 165 жылдығына орай «Мәшһүр Жүсіп оқушылары» көркемөз шеберлерінің байқауын өткізді. Шараның негізгі мақсаты – ақынның шығармаларын жұртшылық арасында насихаттау. Байқауда ауданның және ауыл мектептерінің оқушылары бақ сынасты. Сайыс 3 кезең бойынша өтті. Бірінші кезеңде оқушылар жыр сандықтан алынған әулиенің кез-келген бес өлеңінің бірін жатқа мәнерлеп айтып шығу керек болса, екінші кезеңде «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және Ислам әлемі» тақырыбында діни шығармаларын проза жанрында мазмұндап, жатқа айту қажет болды. Ал үшінші кезеңде Мәшһүр Жүсіп атамның өмірі мен шығармашылығы бойынша викториналық сұрақтарға жауап берілді.

Жайма жалпы орта білім беру мектебінен 11-сынып оқушысы Аружан Риза және 10-сынып оқушысы Саяжан Сембай қатысты. Әділқазылар үміткерлерді бағалау кезінде оқушылардың көркем мәтінді оқу шеберлігіне, дауыс мәнеріне, сахнада өзін-өзі ұстауына, қабілет-қарымына баса назар аударды. Конкурстың сарапшыларының шешімімен мектебіміздің оқушысы Аружан Риза жүлделі ІІІ орынға ие болды. Жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Сабденбекова. Оқушыларымыздың келешекте биік белестерді бағындыратынына, басқа да сайыстарға қатысып, жетістікке жететіндеріне сенімдіміз.

**Т.Сүйіндік,**  
Жайма мектебінің  
дарындылар жетекшісі.

Ұстаздар мерекесі қарсаңында

# ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ...

Ең алғаш рет қолға қалам алып әріп таныған күннен бастап ұзақ өмір жолдарына жолдама алар сәтке дейін білім нәрін құятын мектеп, шәкірт жанын аялап тәлім-тәрбие беретін ұстаздар жайлы айтып отыру – басты парызымыз. Қай мамандық иесі болсаң да, сол сала бойынша бағыт-бағдар мен ұмтылысыңның іргетасы мектепте қаланады. Он жыл бойы білім нәрін егіп, тәрбие берген ұстаздарымыз жайлы еске алып, ғибратты ұстаздық ұлы істерін айтып отыру кейінгі ұрпақ үшін де аманат. Әлемде ең көп тараған мамандық – ұстаздық. Мұғалім еңбегінің басты ерекшеліктерінің бірі өзінің ұрпақ алдындағы міндетін қалай атқарғандығы арқылы сипатталады.

Біздің орта мектепті аяқтағанымызға келесі жылы 45 жыл болады екен. Кеңестік дәуірде бізді білім нәрімен сусындатқан мұғалімдеріміздің басымыз көпшілігі бақылық болды. Олар – Уазипа Жапашқызы, Нағима Құрмашқызы, Хаммат Имматұлы, Ираида Николаевна, Бәкір Рахымбекұлы, Бораш Байшалұлы, Зейнеп Жылқыбайқызы, Мақыш Ғаббасқызы, Жақсылық Әлімұлы, Бүркіт Аманұлы, Қанат Бақиұлы тағы басқалары. Осынау ұстаздарымызды әрдайым ілтипатпен есімізге ала отырып, олардың рухтары алдында басымызды иеміз.

Қазіргі таңда аға буын ұстаздарымыз – Лұқман Сыздықұлы, Мағзи Жәкешқызы, Зәрубай Ыдыханұлы, Баян Жұмаханқызы, Бақыт Қаткенқызы, Қаншайым Темірханқызы, Күлпаш Имматқызы, Имаш Сейілбекқызы, Зинаида Серікбайқызы, Зукен Тауқызы

тағы басқалары зейнеткерліктің тәтті дәмін татып, шәкірттерімен мерейлі болып ауылымыздың сыйлы қариялары атанып отыр. Осы орайда Бірлік жалпы орта білім беру мектебінде ұзақ жылдар бойы шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие бере білген ұстазымыз – Күлпаш Иматқызы Иматова жайлы сыр шерте отырып, шәкірттік ризашылығымызды жеткізуді жөн санадық.

Күлпаш Иматқызы жоғары қазақ кластарына орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша сабақ берді. Орыс-қазақ аралас мектепте сол жылдары өзге ұлт өкілдері көп болатын. Қашан көрсеңіз де журналын қолына құшақтап алып зыр жүгіріп жүретін Күлпаш апайымыз өз сабағын қызықты жүргізе білетін. Біз жете біле бермейтін орыс классиктері жайлы тебірене сыр шертіп бізді шетел, орыс қаламгерлерінің шығармаларын оқуға қызықтыра отырып үйге тапсырмаларды үйіп-төгіп береді. Шәкірттерінің ойлау қабілетінің қалыптасуын бақылауға арналған қажетті құралдарды, яғни түрлі суреттер бар карточкалар, викториналық сұрақтар арқылы ойын-тренингтерді жиі өткізіп оқушыларының білімдеріне ерекше көңіл бөлетін. 45 минуттың қалай өткенін де байқамай қаламыз.

«Қызықтыра ұстаз болса, қызықпайтын шәкірт болмас» - демекші, Күлпаш апа өз сабағында әр шәкіртін назардан тыс қалдырмайды. Әр баланың орыс тіліне деген сүйіспеншілігін оята отырып, сайыс сағаттарын жиі өткізетін. «Білім мен біліктілікті

ұштастыра білу – мұғалімдік қызметімнің басты қағидасы» деген ұстанымды бағдары еткен Күлпаш Иматқызының киім киісі, жүріс-тұрысы да оқушылар назарынан тыс қалмайтын. Қашанда өзін сергек ұстап, аршынды адыммен класка кіріп келгенде біз ол кісінің көңіл-күйін іштей бақылайтынбыз. Күлпаш апай көңілді болса сабағымыз да көңілді өтетін. Ондайда Күлпаш апай үй тапсырмасын сұрағанда оқушылар жапатармағай колдарын жоғары көтеріп, «Мұғалім мен айтайыншы, мен» деп жарыса айқайлаймыз. Сонда ол кісі әдемі жымып, «Оу, балалар, бүгін бәрің жақсы дайындалып келіпсіңдер. Бәріңе «5» ті қоя салсам бола ма?» деп күлетін. Иә, Күлпаш апайдың әр сабағы жаңалыққа толы, қызықты өтетін. Арада 45 жылға таяу уақыт өтсе де, Күлпаш апайдың сабағын сағынамыз. Күлпаш апай әрбір шәкірттің жүрегіне қуат құйып, көңіліне шуақ нұрын себе білген ұстаз. Ұлы орыс жазушысы Л.Н.Толстой кезінде жақсы ұстазға мынадай сипаттама берген: «Өзісіне сүйіспеншілігі бар мұғалім ғана жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім шәкіртін әкесіндей-шешесіндей сүйетін болса, ол барлық кітаптарды оқыған, бірақ іске де, шәкірттеріне де сүйіспеншілігі жоқ мұғалімнен тәуір болмақ. Егер мұғалім өз бойында іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, онда ол – кемел ұстаз». Күлпаш Иматқызы да осындай кемел ұстаздар қатарынан табылған нағыз ұстаз. Өзінің теориялық білім-білігін, қабілет-қарымын шәкірт



тәрбиесі жолында шынайы көңілмен сарп ете білген Күлпаш Иматқызы ұстаздық жолында жүздеген шәкірттерді тәрбиелеп оқытты. Өмір атты теңізге ізгілік атты кемемен жүзе білген ұстазымыз күні бүгінге дейін түлектерінің амандығын сұрастырып, хабарласып отырады. Күні кеше мектеп бітірген шәкірттерінің алды 60 жастан асса да Күлпаш апай үшін олар өз баласындай ыстық. Жүздеген түлектерінің жұлдызын жаға білген ұстазымыздың да жұлдызы қашанда жоғары.

**Бағзат НҰРТАЙҚЫЗЫ,**  
жергілікті тілші

## Тағлым

# Күн сөнседе мен сөнбеймін...

Сұлтанмахмұт Торайғыров күншуақ сияқты есікті жапсан, түндіктен жарқырайды. Жастарды білімге, өнерге шақырған, қазақ еліне шуақ болып шашыла деп арман еткен ақиық ақынның арманы бұл күнде орындалуда. Сұлтанмахмұттың атында Павлодар мемлекеттік университеті, облыс, аудан орталығында көшелер, кітапхана аталып тұрғаны зор мәртебе. Торайғыр ауылындағы мектеп те ақынның рухын жаңғыртуда. Биыл С.Торайғыровтың 130 жылдығы дүбірлете тойланды. Аталмыш мерейтойға орай Бұқар жырау ауданында С.Торайғыров атына тірек мектебі ашылды. Ашылу салтанатына Торайғыр ауылынан ауыл әкімі Мұхтар Молшин, мемориалдық музейдің директоры Жанар Әубәкірова, музей таныстырушысы (гид) Нұргүл Нұрғазина қатысты. Салтанатты шараға көшпелі көрмемен бардық. Көрмеге ҚР Парламенті Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Арыстан Ғазалиев қатысып, қонақ болды. Торайғыр ауылының әкімі М.Молшин жаңа мектептің музейіне С.Торайғыровтың портретін, ал Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Мейрам Нұғыманов ақынның кітаптарын, магниттік альбомдарын сыйға тартты. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, келген қонақтарға музей қорындағы көне жәдігерлерді таныстырылды. Оған қоса музей қорындағы Сұлтанмахмұттың немере туысы Шоң бидің ұрпағы Қамар Қасымовтың жәдігерлері де таныстырылды. Қамар Қасымов ұлт аспаптар негізін жасаушы ретінде қобызы, домбырасы, даңғарағы т.б заттарын көрсетіп әр аспаптың қалай жасалғанын айтылды.



Қамар Қасымовтың шеберлігін кезінде Монғолия елі «поляр жұлдызы» орденімен марапаттап, құрмет кітабында есімі қалды т.б мемлекеттерде белгілі. Қазақ өнері мен мәдениетінде өшпес із қалдырған 10 түрлі аспап оның ішінде жетеуін өңдеген, он екісін ойлап тапқан. 1936 жылы мамыр айында Мәскеудің үлкен театрында 10 күндік оркестр көрсетті. 1934 жылы Алматыда мәдени басқармасы Темірбек Жүргенов Қаныш Сәтбаевпен кездесіп, Баянауылдан қолөнерді жақсы білетін адамдар бар ма деп іздегенде, Қаныш Имантайұлы Қамар Қасымовпен арнайы таныстырған. Т.Жүргенов екі домбыра, екі балалайканы қолына ұсынып, осы екеуінен құрастырып бір оркестр шығаруды өтінген. Екі балалайканы қоспай таза қазақтың қазіргі

уақытта Құрманғазы оркестрінің негізін қалаушы болған. Жаңа тірек мектебінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың атындағы музей ашылған екен. Ашылған музейде ақынның өмірімен сабақталған жәдігерлер жаңа үлгіде жабдықталған. Жаңа үлгідегі көрмені мектеп директоры Е.Жетпісбаев және мектеп оқушысы А.Айзада таныстырды.

ҚР Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы бастаған экспедиция әрі қарай Семіз-Бұғы рудникты басып, Бұқар Жырау жатқан кесенеге жол тартты. Кесененің ішінде Бұқар Жырауға арналған музейді де тамашаладық. Алланың шапағаты жауып бұл жаққа баруыма жол түсті. Келген қонақтармен табақтас болып, әрі қарай Кемел Ақышевтың ата бабасының

жатқан жеріне қорымға да бардық. Алтын адамды тапқан Кемел Ақышевтың ата бабасының қорымына зиярат етіп, Мұса Шормановтан тараған аруақтарға да дұға еттік. Келген жерім кереге тас екен, өте әдемі табиғаты сұлу. Келген қонақтарға Алтынбек Нұхұлы өткен тарих туралы біраз мағлұматтарды берді. Одан әрі қарай Теңдік ауылына шықтық, Шормандардың зиратына және жанындағы ашылған аллеяны тамашаладық. Біркүндік сапарым зиялы азаматтардың ортасында өтіп, олармен әңгіме құрып отырудың өзі бір ғанибет.

**Шолпан Жәкүпова,**  
ардагер-ұстаз,  
Баянауыл ауданының  
Құрметті азаматы.

# Жүректі тербеген Жыр кеші

Өлең-жырдың аспаны – мәңгілік аспан. Осынау сөзді айтуымыздың басты себебі, артына өлмес жыр, өшпес рухани мұра қалдырған қазақ ақындарының өлеңдері. Поэзия әлемі сөз бен ойдың, терең философияның, тұңғыш сырдың мекені. Өлең ғұмырлы болмаса бізге ұлы Абайдың, Шәкәрімнің, Жамбылдың жырларын ғасырлар үзгі жеткізбес еді. Демек, лирикалық терең ойдың елшісі болған өлеңнің жүгі қашанда ауыр да салмақты болғаны. Шын ақындық жаратылыстың сыйы дегенмен, оның бірнеше құрамдас бөлігі болады. Ой, сезім, поэтика дегендей. Осы үш ұғым бір-бірімен қабысса ғана шын мағынасындағы көркем өнер дүниесі өмірге келеді. Аудандық мәдениет үйінде өткізілген «Ақбетке қонған аққу жыр» атты әдеби-сазды жыр кешінің басты мақсаты – ақын қыздарымыздың шығармашылықтарымен жұртшылықты таныстыру, әрі олардың ақындық жолын насихаттау. Қиын да қызықты жолды таңдаған ақын қыздарды Баянаула жұртшылығы зор қошеметпен қарсы алды. Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Әнуарбекұлы Ксентаев ақындарды әкімшілік ғимаратында арнайы қабылдап, әр аймақтан келіп отырған ақын-қыздарға шығармашылық табыс тіледі.

Мәдениет үйіне жиналған жыр сүйер көрермендер жерлес ақын қызымыз Жанаргүл Қадырова бастаған ақын қыздардың поэзиялық шығармаларын ерекше ықыласпен тыңдады. Поэзия кешін шебер жүргізе білген жас ақындар Еламан Қабділәшім мен Айбек Әралхан сахнаға шыққан ақын қыздарды жеке-жеке таныстырды. Поэзия жанрының талғам-таразысы, өлшем деңгейі әу бастан-ақ белгілі. Поэзияның жүйкеге салар салмағына, сөз кестелеу азабына төзіп, қиыннан қиынырақ талабына төтеп беріп, суырылып алға шығу оңай емес. Бұған екіншісі бірі шыдамайды. «Өлеңге әркімнің бар таласы» демекші, әдеби-сазды жыр кеші барысында сахнаға бірінен соң бірі шыққан ақын қыздар – Жанаргүл Қадырова, Айзада Рахымжанова, Сағыныш Намазшамова, Танакөз Толқынқызы, Гүлнәз Файзулла, Анар Шамшадинова, Толқын Қабылша жүректен жарып шыққан өлең-жырларын ерекше шабытпен оқып көрермендерге рухани азық сыйлады. Ақын қыздардың Баян еліне бөтені жоқ. Танакөз Толқынқызы, Сағыныш Намазшамова, Анар Шамшадинова және осы елдің тумасы Жанаргүл Қадырова жас ақын-жазушылардың «Баянауыл – 2007» форумына (сол кездегі аудан әкімі, әдебиет жанашыры Қорабай Шәкіров ұйымдастырған) қатысып, баянауылдықтарды жырмен сусындатқан. Ал Айзада Рахымжанова Мұса Шормановтың 200 жылдық тойы аясында ұйымдастырылған мұшайрада «Кемелгер» өлеңімен Бас жүлдені жеңіп алған. Анар Жасыбайға арнап жыр жазса, Толқын биыл киелі топырақта Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және Жүсіпбек Аймауытов туралы деректі фильмдер түсірген. Гүлнәз болса осы және басқа қазақ ақындарының жырларын түрік, эзербайжан тіл-



деріне аударып, түркітілдес елдер арасында рухани көпір болып жүр.

Ақын қыздардың ой мен сезімді ұштастыра отырып, поэзияда көркем тілмен бейнелей шабытпен оқыған жыр жолдары көрермендерін бей-жай қалдырмады. Шағын мақала аясында әр ақынның өлеңдеріне тоқталу аясы шектеулі болғандықтан, ерекше айта кетер жайт, ару ақындардың жыр кеші Баянаула бөктерінде, Ақбеттау аясында тұңғыш рет өткізіліп отырғандығы. Көңілге қуаныш ұялатар әдеби-сазды поэзия кеш барысында жергілікті өнерпаздар ұжымы әуелете ән шырқап, шараның ажарын аша түсті. Жыр кешінде жеті ақынға Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы атынан аппақ гүл шоқтары тарту етілген сәтте баянауылдық «Айбын» триосының әншілері: Мереке Олжатай, Алтай Омаров, Жандос Адамов Сәрсенбай Сәдіғазиннің әні – «Баян гүлдерін» әуелете жөнелді. Айта кетерлігі, бұл әннің сөзін Ақбеттау абызы Зекебай Солтанбаев жазған-ды. Жандос Адамов орындаған, Баянауылдың гимніндей болып кеткен «Баяным» әні де (авторы – Аман Баязитов) Ақбеттен төгілген жыр боюын жүректен сіңіре түскендей. Жыр мерекесінде кеш қонақтарымен бірге баянауылдық өнерпаздар да өлең оқыды. Танакөз Толқынқызының «Осылай да адам сағынады екен...», Жанаргүл Қадырованың «Жетінші қабат» өлеңдерін нәшіне келтіре оқыған Дана Нұрбаеваның, Айзада Рахымжанованың «Біз екеміз бірге болсақ...» өлеңін оқыған Торайғыр ауылдық клубының меңгерушісі Ләйла Мадинааның және Толқын Қабылшаның «Адалдық» өлеңін оқыған Расул Темештің өнері кәсіби әртістерден кем түскен жоқ. Сонымен қатар, Зейтін Ақышев атындағы №3 мектептің оқушылары – Санжар Ынтықбай мен Альмира Ермекқызы, Ш.Айманов атындағы мектеп-интернаттың оқушысы – Ернұр Қанаш және Ш.Шөкин атындағы №2 мектептің оқушысы Арайлым Сейсенбектің де өлең оқу шеберлігі көпшілікті тәнті етті. Өнерпаздардың сахналық келбеттерінен режиссер Әмина Қалдыбаеваның қолтаңбасы байқалып тұрды. Екібастұздан арнайы келген «Мұрагер» халықтық вокалды-аспапты ансамблінің (Ербол Ахаев, Жомарт Қабыкенов, Сұңғат Көпежанов, Болатбек Шаланов) орындауындағы сөзі мен әнін Жанаргүл Қадырова жазған «Сәйгүліктердің патшасы» және Гүлмира Алданова шырқаған «Бауырым» әнін (сөзі Ж.Қадырованыкі) де тыңдарман ықыласпен қабылдады. Айта кетерлік жайт, «Бауырым» әнін орындаған Гүлмира Алданова да Баянауыл тумасы, кешті ұйымдастырған ақын Жанаргүл Қадырова сөз арасында Гүлмираның бала күнінде осы сахнада талай ән шырқағанына куә болып, өздерінің өнердегі құрдастар болып ержеткенін тілге тиек етті. Успен ауданынан келген ақын қыз Перизат Құрманәлінің де өлең оқып, жауқазын гүлдерден ақын әпкелеріне тарту-таралғы жасауы ақын қыздар арасындағы жарасымдылықты әсіялай түсті.

Шарада Павлодар облысының және Баянауыл, Ертіс аудандарының Күрметті азаматы, мемлекеттік қызмет ардагері, 2007 жылы Баянауыл басында дүйім қазақ қаламгерлерінің басын қосқан ел ағасы Қорабай Шәкіров сөз алып, руханият саласындағы өзін толғанды-



Қарттар күніне орай сұхбат

47 ЖЫЛ САРҒАЙҒАН САҒЫНЫШ

рып жүрген жайттарды ақындарға аманат ретінде жеткізді. Жергілікті ақындар – Таңат Ахатов пен Жеңісбек Пәзіл өлең оқыды, ҚР Мәдениет саласының үздігі Жамбы Мәшім сінділеріне ақ жол тіледі. Кешті ұйымдастыруға ұйытқы болған ақын Жанаргүл Қадырованың туған ауылы Жұмат Шанин елі атынан Жаңагүл Ысқакова жерлесінің иығына камзол жапты. Зейнеткер ұстаз Мәриям Манабаева әр ақынның шығармашылығына тоқтала отырып, Танакөз Толқынқызына ықылас гүлін ұсынды.

Кеш барысында Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Медет Тауасқан ізгі ниетін білдіріп, қонақтарға облыс әкімінің орынбасары А.Құрманованың алғыс хаттарын табыстады. Медет Алпысбайұлы, сонымен қатар, өнерден құралақан еместігін білдіріп, Мұқағалидың өлеңін оқып берді. Ақындарға облыс атынан Мәшіһур Жүсіп Көпейұлының 10 томдық жинағы сыйға тартылды. Осы шараны ұйымдастыруға бастан-аяқ атсалысып, тер төккен Баянауыл ауданы әкімдігі мәдениет және ішкі саясат бөлімінің басшысы, – тектінің тұяғы Бақытжан Күлжан әкім атынан ақындарға алғыс хат тапсырды.

Осынау жыр кешіне ақын қыздарды бастап келген Жанаргүл Қадырова жайлы ерекше айтқымыз келеді. Жұмат Шанин атындағы ауылда туып, жастайынан әдебиетке жақын болып ер жеткен жаны нәзік Жанаргүлдің жырларында дала, кең жайлау, туған ел, аршаның иісі, қарағайдың қуаты, бұлақтың мөлдірлігі, судың пәктігі, көңілдің тазалығы, жүректің лүпілі бар. Қазақы қалыпты сақтай отырып, қайсар рухты шымырларат өлең-жырлары Жанаргүлдің баспадан шыққан бірнеше кітабына жүк болды. Көзі қаракты оқырманның жадында болса, 2010 жылы Жанаргүлдің «Жетінші қабат» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрген еді. Ақын Жәркен Бөдешұлы алғы сөзін жазған тұңғыш кітабы «Жетінші қабаттың» тұсауы Баян елінде өткізілгенді. Аудан жұртшылығы Жанаргүлге ақ баталарын беріп, поэзия әлемінде сәт-сапар тілеген еді. Міне, содан бері Жанаргүлдің қаламынан бірнеше кітаптары жарыққа шықты. Оның қаламының қарымдылығы-қалам қуатының күштілігінде, өлеңдеріндегі ой тереңдігінде, ақындық шеберлігінде. Қажырлылығы – қайсарлығында, қаламына сүйеніп, өлеңмен тыныстап, жан азабын жеңе білген қайраттылығында.

«Ақбетке қонған аққу жыр» атты кеш барысында ақын қыздарымыздың өлең-жырларын мәнерлеп оқыған мектеп оқушыларының өнерінен сусын қандыра отырып, жаны нәзік, қағілез нәзік жанды арулардың табиғаттың өзіндей таза туындыларынан шынайы ақындық әлемін сезінгендей күй кештік. Олардың жырлары қарапайым да көркем. Көркемдіктің өзі қарапайымдылықта. Ақын қыздар тақырыпты алыстан іздемейді, өз елін, өз ортасын, өзінің көңіл-күйін жырлайды. Сылдырап аққан бұлақтай, сырғып аққан сағымдай өмір сырларын, табиғат тамашаларын өлеңге әдемі түсіре біледі. Құдайдың берген киелі дарынын төгіп-шашпай күмбірлі көкіректерінде сақтай білгендіктері оқырмандарын терең ойға қалдырады.

Ақын қызға бермейді,  
Махаббаты – тұрақты.  
Әйел емес, ол – ақын  
Ерттеп мінген пырақты.  
Табиғаты тылсым сыр,  
Жаратпайды сұрақты.  
Ақын қыздар көтерер

Алла берген сынақты, - деп Қарқаралы елінің ақын қызы, журналист Жұлдыз Тойбек өзінің «Әйел емес, ол – ақын» өлеңінде табиғат сыйлаған ақындық дарынның кез келген жанға қона бермейтінін дәл айтқан. Бұл өлең жолдары бүгінгі кештің дәлелі.

Поэзия әлемі жан дүниесі таза, жігерлі, намысты жандарды құрметтейді. Әдебиет айдынында, қиын да қызықты поэзия әлемінде ақын қыздарды шоқтығы биік қаламгерлер сапынан көрейік, лайым. Ең бастысы, нәзік жанды ақындардың арманы-ұлтымсы өзгеден кем болмаса, өнеріміз аспандаса, өлеңіміз барша жұрттың рухани азығына айналса, ұрпағымыз ата-бабаларымыздың жолын қуып бақытты ғұмыр кешсе дейтін риясыз әрі шынайы арман. Ақын қыздардың арманы-шексіз арман. Ал жырлары – құдірет!

Бағзад НҰРТАЙҚЫЗЫ,  
жергілікті тілші  
ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Алғыс білдіреді

«Ақбетке қонған аққу жыр» кешінің ұйымдастырушылары мен қонақтары кешке демеушілік көрсеткен және ұйымдастыру шараларына қолдау танытқан Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен басшысы Медет Тауасқанға, Павлодар облыстық мәслихатының депутаттары Серік Сәдуақасов пен Асылбек Туғанбайға, Баянауыл ауданының әкімі Ардақ Кесентаевқа, бөлім басшылары – ұлтжанды азаматтар Төлеген Смағұлов пен Бақытжан Күлжанға, Баянауыл ауылдық округінің әкімі Бүркітбай Бижановқа, аудандық мәслихат төрағасы Руслан Мұқашевқа, аудандық білім бөлімінің басшысы Мереке Әбдікәрімовке, кәсіпкерлер Сұңқар Ахановқа, Орынбасар Алеевке, Сұлтан Кәрімовке, Арман Рахмашевқа (облыстық мәслихат депутаты), «Сарыкөл» кенішінің директоры Мақсұт Исеновке, ақпараттық қолдаушы «Баянтау» газеті мен Айдана Айтұғановаға, екібастұздық «Атамұра» мәдениет орталығының ұжымы мен басшысы Нұрсұлду Төлеубаеваға, Екібастұз қалалық «Өнер» ҚМО-на, Екібастұз қаласы білім бөлімінің басшысы Лаура Дисюповаға, оператор Азамат Қабыкеновке, С.Торайғыров атындағы Мәдениет үйінің ұжымы мен директоры Жасқайрат Төлеубекке, Ш.Шокин атындағы № 2 мектеп директоры Шынар Мұрсаловаға, режиссер Әмина Қалдыбаеваға, тіл жанашыры Манар Ерботинаға, ақындар әулеті – Жүмкен Сейітовтің отбасына, өнер жанашыры Асхап Ешімовке, Торайғыр ауылдық клубының меңгерушісі Ләйла Мадинаға алғыс білдіреді.



әжептәуір бар екен. Сол ауылдың жанында Одесское деген ауылда да қазақтар баршылық. Қазақстанға қайтпай сол жерлерінде отырған ұрпақтары дәстүр-салтымызды сақтап отыр. Сол жерде тұрып жатқан аталас туыстардың балалары бізді төредей күтіп алды. Аллаға шүкір ағайын-туыстардың ұрпақтары ұйымшыл екен. Өкініштісі аруақтар жерленген зираттардың көбі жермен-жексен болыпты. Ол жерді Құдайдан қорықпайтын дінсіздер жер жырттып егін егіпті. О тоба, сұмдық. Менің әкемнің жатқан жерінде қалың шөп өскен. Енді көзім тірісінде әкемнің қабірінің басына ескерткіш тасты қашап жазғызып қойсам деген арманым бар шырағым. 47 жылдан соң әкемнің қабіріне барып құран оқып бойым әжептәуір жеңілдеп қалды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз. 47 жыл бойы жүрегімнің түкпірінде бұғып жатқан сағынышымды, мауқымды басып іштей егілдім. Осынша жасқа келіп аяулы әкемнің басына бару – арман еді. Балаларымның арқасында аман-есен барып келдім. Тәубе!

Айта берсем, Омбының жерінде бір де бір тау жоқ. Жап-жазық ұланғайыр далада егін дегенің жайқалып тұр. Мал басы да баршылық. Сол жерде туып 3-4 жасымда кеттім ғой қазақ жеріне. Тәубе, өкінбеймін өміріме. Анамызға рахмет, балаларының болашағын ойлап Қазақстанға келгеніне.

– *Иә ата сіз бүкіл бір дәуірдің куәсіз. Балалық шағыңыз да қиындықпен өтті. Туған жеріңізге барып, бойыңызға тың күш жинағандай әсерде шығарсыз...*

– Дұрыс айтасың қызым. Балалық, жастық шағым қиын жылдарда өтті. Кішкентай кезімізде анамызбен бірге масақ тердік, қозы-бұзау бақтық. Өгізге тырманы жегіп береді, біз мықшындап жер жырттамыз. Ұйқымыз қанбайды, қарнымыз ашады. Сөйтіп жүріп есейдік, ширадық. 1954 жылдары Хрущевтің солақай саясатын бастан кештік. Жүгерінің шикі нанын жедік. Тың игереміз деп Қазақстанда нешәтүрлі өрескелдіктер орын алды. Оны өздерің де білесіңдер тарихтан. Өмір бойы ауыр еңбекпен жүріп кемпірім Нақи екеуміз жеті қыз, бір ұл көріп тәрбиеледік. Қазір жалғыз ұлым Қуаныштың қолында Алланың берген жасын жасап келе жатырмын. Немеремнен шөбере, жиендерімнен жиеншарларды көріп отырған бақытты ағамын.

– *Жасыңызды берсін. Тәлімді әңгімеңізге рахмет. Торқалы тоқсан жастың төбесіне шығуыңызға Алла нәсіп етсін. Қарттар күні мерекесі құтты болсын!*

Бағзад НҰРТАЙҚЫЗЫ,  
жергілікті тілші  
Шоманкөл ауылы

«Қариясы бар үйдің қазынасы бар». Әсілінде, қария дегеніміз қара шаңырақтың ғана емес, бүтін бір мемлекеттің қазынасы. Қазынадан айырылсақ – қанатымыз қайырылады. Уақыт зымырап өткен сайын қариялар қатары сиреп барады.

«Ауылыңның маңында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең. Ауылыңда ақылгөй қария болса, жазып қойған хатпен тең» деген бабаларымыз. Өткен өмірімізді үлкендерсіз көзге елестету мүмкін емес. Өмір жолдарында мехнатты еңбек етіп қазіргі таңда еңбегінің зейнетін көріп отырған қариялар қоғамның басты құндылығы болып табылады. Жүздерін әжім іздері шимайлап, денсаулықтары шау тарта бастаған ата-әжелеріміздің бойынан елге, туған жерге деген шынайы ұлтжандылық рух пен адал еңбектің іздерін айқын аңғарамыз. Ел ішінде қатары сирей бастаған ата-әжелеріміздің Отан алдында сіңірген қалтқысыз еңбегін кейінгі ұрпақ бағалаулары тиіс. Кеудесі алтын сандық қариялардың бірі – Шоманкөл ауылында тұратын Тәуекел Сағынбекұлы Омаров.

Таяуда Тәуекел атамен сұхбаттасудың реті келді. Оған себеп, Тәуекел ата 47 жыл бойы ат ізін сала алмаған туған жері Ресейдің Омбы жеріне сапарға барып келуі. Токсан жасқа таяп қалған қарияның ішкі-жан дүниесін түсініп, сағыныш пен толғанысқа толы көңіл-күйін көтеру мақсатында баласы Қуаныш, немересі – Дінмұхаммед ұзақ сапарға шығуды ұйғарып атамизды туған жеріне апарды. Қазіргі уақытта жеңіл көлікпен жүйткіп отырып алыс жерлерге барып келу де қиын емес әрине. Десек те, атаның денсаулығын жіті бақылап отырып, бала-шағасы Ресей топырағына аман-есен апарып келді.

– *Ата, Алла өзі қолдан Омбыға барып әкеңіздің, туған-туыстарыңыздың жатқан жерлеріне зиярат етіп қайттыңыздар. Қадамдарыңыз сауаптан болсын.*

– Е-е, шырағым, ішім-түтін, сыртым-бүтін болып жүріп осыншама уақыт туған жеріме барудың сәті түспеген еді. Күнделікті тіршілік, бала-шағаны жеткізем деп жүріп ұзақ жыл отасқан бәйбішемді о дүниеге шығарып салдым.

– *Ата, сіз Қазақстанға өте кішкентай кезіңізде келдіңіз. Өмірбаяныңыз жайлы айта кетсеңіз...*

– Иә шырағым. Қайсыбірін айтайын. Бүкіл елді жұтатып, қырып кете жаздаған атың өшкір ашаршылық жылдары еке-шешем Қазақстаннан сонау Ресейдің Омбы деген жеріне дейін жетіп бас сауғалаған. Осы Омбының өңкей қазақтары шоғырланған Қаржас деген іргелі ауылда 1934 жылы дүниеге келдім. Көп нәрсені кейін есейген соң білдім ғой. Әкем Сағынбек көзі ашық білімді азамат болыпты. Ашаршылықтың өзі солақай саясаттың кесірінен байдың да, кедейдің де бар малын күштеп тартып алып колхоздастығаннан кейін басталыпты. Анамыз Шөкен пысықтығымен бізді аштан аман алып қалды. Қиын жылдары орыстардан үйреніп картоп, көкөніс егіп інім Тәуебел екеумізді аштық шенгелінен аман алып қалғанын ержеткен соң білдім ғой. Әкеміз өмірден өткен соң анамыз туған жеріне көшуге бел буған. Содан құртымдай екі жетімгеінің бірін арқалап, екіншісін жетектеп жаяу-жалпылап, қазақ жеріне жеткен. Анамның аман-есен жетіп қоныстанған мекені – Күркелі ауылы. Иә, айтақшы, анамыз кетерінде асығып жүріп түнделетіп қоламтаға пісіріп қойған екі тандыр нанын ұмытып кетсе керек. Жол бойы ұмытып кеткен нанын уайымдап, кейінгі жылдары көрген мехнатты ауыр өмірін нанды ұмытып кетуімен байланыстырып айта беретін, марқұм анамыз. Анамыз бізді бір тілім нанның қадіріне жетуді үйретті. Нанның киесі бар екендігін ұдайы құлағымызға құйып, нанның жерге түскен кикымдарын теріп отыратын. Анамыз 73 мүшел жасында қасиетті Рамазан айында өмірден өтті.

– *Ата, Омбыға барған сапарыңыз қалай өтті?*

– Омбы дегенің ұлан-ғайыр орыс даласы. Әлі күнге дейін егін салады екен. Біз барған ауыл Белосток деп аталады. Қазақтары

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕП НОРМАЛАРЫН САҚТАМАУЫ!



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мен Павлодар облыстық соты арасында мемлекеттік қызметшілермен заңнама мен әдеп нормаларының бұзылуына жол бермеу мақсатында меморандум жасалды.

Департамент тұрақты негізде мемлекеттік қызметшілердің мас күйінде көлік жүргізуін анықтау бойынша мониторинг жүргізеді.

Бүгінгі таңда меморандум аясында департамент 700-ден астам сот шешіміне талдау жасап, оның 21-і мемлекеттік қызметшілерге қатысты шешім шығарылғаны анықталды.

2023 жылы мас күйінде автокөлік жүргізу фактілері бойынша мемлекеттік қызметшілер арасында полиция қызметкерлеріне қатысты 2 факт, әскери қызметшілерге қатысты 2 факт, білім беру саласындағы қызметшілерге қатысты 2 факт, жергілікті және аумақтық органға қатысты 2 факт, мемлекеттік мекемелердің көлік жүргізушілеріне 2 факт, қалған 11 факт квазимемлекеттік сектор қызметкерлері арасында анықталды.

Осы фактілер бойынша департамент дереу мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің атына тиісті шаралар қабылдау туралы хаттар жолдады.

Хаттарды қарастыру нәтижелері бойынша 1 мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылды, 1 мемлекеттік қызметші атқа-

ратын лауазымы төмендетілді, 4 факті қаралуда, ал қалған фактілер бойынша кінәлі адамдармен еңбек қатынастары бұзылды.

Тұрақты мониторинг өзінің оң нәтижелерін беріп, мемлекеттік қызметтің имиджін нығайтады және этикалық нормалардың бұзылуына жол бермеуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, департамент бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік органдарға қатысты жаңалықтар мен ақпараттық сайттарда жағымсыз жарияланымдарды назардан тыс қалдырмайды.

Мұндай фактілер анықталған жағдайда, департамент сондай-ақ тиісті шаралар қабылдау және жарияланымда көрсетілген фактілер бойынша түсініктеме беру туралы мемлекеттік органға дереу хат жібереді.

Жарияланымдарда көрсетілген фактілер расталған кезде мемлекеттік орган қызметтік тергеу жүргізеді және мемлекеттік қызметшінің кінәсі анықталған жағдайда тәртіптік жауапқа тартылады.

Жоғарыда айтылғандармен департамент жол қозғалысы ережелерін бұзбауды және көлік жүргізу кезінде басқалардың қауіпсіздігін сақтауды сұрайды.

**Аблай Жиеубекұлы,**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

## ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ!



Өрт-бұл ешкім сақтандырылмайтын апат екенін жиі естисіз. Бірақ бұл олай емес. Көп жағдайда өрт-адамдардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудағы ұқыпсыздығы мен ұқыпсыздығының нәтижесі. Тұрмыстағы өрттердің негізгі себептері – бұл, ең алдымен, отты абайсыз қолдану (соның ішінде темекі шегу кезінде), электр жабдығының ақаулығы, пештер мен тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларының бұзылуы.

Баянауыл ауданының  
Төтенше жағдайлар бөлімі

## Вниманию участников ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул»!

ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул» уведомляет Вас о проведении внеочередного Общего собрания участников ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул», назначенного на «06» октября 2023 года в 10 часов 00 минут, которое будет проведено в районном доме культуры им. С.Торайгырова на котором будут рассматриваться следующие вопросы повестки дня:

1. Утверждение отчета ревизионной комиссии (ревизора) ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул» за 2022 год, №1.
2. Вывод участников из состава ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул».
3. Распределение лимитов кредитования участников ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул».
4. Предоставление в залог в АО «Аграрная кредитная корпорация» служебный автотранспорт ТОО «Кредитное товарищество «Баянаул».

По вопросам обращаться по тел. 9-28-84.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес, «Майкаинзолото» АҚ, БСН 980340002574, 2023 жылғы 7 қарашада сағат 15:00-де Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Ә. Әбдіхалықов көшесі, 13Д құрылыс, «Майкаинзолото» АҚ АБК акт залы келесі құжаттаманы қарау бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды: Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы; Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы; Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы; Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары; Павлодар облысында жерасты тәсілімен «Майқайың-В» кен орнының құрамында алтын бар кендерді өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі; «Майқайың жерасты кенішіндегі бетон-қалау кешенін жобалауға арналған технологиялық регламентке» қоршаған ортаны қорғау бөлімі; Қоршаған ортаны қорғау бөлімі «Майкаинзолото» АҚ Майқайың жерасты кенішінің қазандығын консервациялау жобасына; І санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін.

Жобалық құжаттама пакетімен БЭК <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар БЭК-те қоғамдық тыңдау-

лар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады <https://ecportal.kz/> және «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ сайтында, мекен-жайы: ҚР, 140000, Павлодар қ., Жеңіс алаңы 17, 307 кабинет, телефон 8 (7182) 329379.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс (БКС) арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Белсенді сілтеме бірінші экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады.

Жобаның тапсырыс берушісі - «Майкаинзолото» АҚ, БСН 980340002574, телефон/факс: 8 (71840) 2-15-50, [mayzoloto@mail.ru](mailto:mayzoloto@mail.ru)

Жобаны әзірлеушісі: «Eco-Logic» СК, ЖСН 861019301042, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі 1, 21; Тел. +7 (701) 7872698, E-mail: [dr.hadron@mail.ru](mailto:dr.hadron@mail.ru).

Жобалар материалдары және қоғамдық тыңдаулар бойынша қосымша ақпаратты эл. поштадан алуға болады: [eco\\_mayzoloto@mail.ru](mailto:eco_mayzoloto@mail.ru) және тел.: 8 (71840) 21568

«Майкаинзолото» АҚ әкімшілігі.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Майкаинзолото», БИН 980340002574, в соответствии с требованиями ст.73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15 часов 00 минут 07 ноября 2023 года по адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, п. Майкаин, ул. А. Абдыкалькова, строение 13Д, актовый зал АБК АО «Майкаинзолото» состоится общественные слушания в формате открытого собрания по рассмотрению проектной документации: Проект нормативов допустимых выбросов; Проект программы управления отходами; Проект программы производственного экологического контроля; План природоохранных мероприятий; Раздел охраны окружающей среды к «Плану горных работ по добыче золотосодержащих руд месторождения «Майкаин-В» подземным способом в Павлодарской области»; Раздел охраны окружающей среды к «Технологическому регламенту для проектирования бетонно-закладочного комплекса на Майкаинском подземном руднике»; Раздел охраны окружающей среды к «Проекту расконсервации котельной Майкаинского подземного рудника АО «Майкаинзолото» для получения экологического разрешения на воздействие для объектов I категории.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и сайте МИО в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения

принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и сайте ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», по адресу: РК, 140000, г. Павлодар, Площадь Победы 17, кабинет 307, телефон 8 (7182) 329379.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в т.ч. карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи (ВКС) на платформе ZOOM. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО.

Заказчик проекта – АО «Майкаинзолото», БИН 980340002574, тел./факс: 8 (71840) 2-15-50, [mayzoloto@mail.ru](mailto:mayzoloto@mail.ru)

Разработчик проекта: ИП «Eco-Logic», ИИН 861019301042, 100008, г. Караганда, ул. Жамбыла 1,21; тел. +7 (701) 7872698, e-mail: [dr.hadron@mail.ru](mailto:dr.hadron@mail.ru).

Дополнительную информацию по материалам проектов и проведении общественных слушаний можно получить по эл. почте: [eco\\_mayzoloto@mail.ru](mailto:eco_mayzoloto@mail.ru) и тел.: 8 (71840) 21568

Администрация  
АО «Майкаинзолото».

## ЕСКЕ АЛАМЫН ӨЗІңДІ



Сүйікті де сүйкімді, жақсы көретін ақкөңіл жиен бауырым **Сымбатыма** арнаймын. Бұл өмірмен қоштасқалы 3 жыл болды.

*Бұл өмірден сен кеткелі,  
3 жыл толды не керек.  
Тіршілік етіп жүрміз ғой,  
Ептеп-септеп жай басып.*

*Ойлаймызда жылаймыз,  
Еске аламыз күрсініп,  
Ойыр-ай деп өкініп.  
Қалай кеттін асығып.*

*Мандайға сыймай шіркін-ай,  
Балалардың қызығын көре алмай.  
Оларды ойлайтын жан бар ма?  
Достардың ішінде адалын.*

*Жаным Сымбат еске аламын  
өзіңді,  
Жүрегім сенбейді бәрібір.  
Бұл Алланың әмірі дейміз ғой,  
Қайтып келмейтін тағдыр ғой.*

*Бала-шағаң өсіп жатыр бәрі де,  
Қосағың да аман-есен жақсы ғой.  
Сен жетпейсің оларға бірақта,  
Солай-солай өсіп кетер ержетіп.*

*Сенен кейін мың өліп, мың  
тірілдім,  
Неше түрлі отадан да мен өттім.  
Қырық жыл қырғын болса да,  
Ажалда өледі деген ғой.*

*Жақында өтеді жарысың,  
Барамыз бәріміз шұбырып.  
Еске аламыз өзіңді,  
Достарың келіп мұңайып.*

*Тәтелерің келеді Семейден,  
Іні-қарындас бауырлар.  
Қолдан келері осы ғой,  
Аруағың риза болатын.*

Жатқан жерің жарық, топырағын мамық болсын, қабірің нұрға толсын. Жанұяңды, бала-шағаңды желеп-жебеп жат. Біздің қолдан келетіні осы ғана. Баянауылың сені ойлайды, қайғырады, есінен шығармайды. Ұл-қыздарың бәрі де жарысына дайындалып жатыр.

**Еске алушы: тәтең Людмила Торайғыр ауылы.**

## ЖАНЫҢЫЗ ЖӘННАТТА БОЛСЫН



Аяулы жар, ардақты әкеміз **Жанболат Бейсенбайұлы Түсіпбаевтың** ортамыздан алыстап кеткеніне биыл 1 жылдың жүзі толып отыр. Әкемізді сағына еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп Алладан тілейміз.

*Өзектері өртеніп сағыныштан,  
Тілек арнап жүректен алып ұшқан.  
Жақындары қимастықпен еске алады,  
Кездерді бірге жүріп бақыт құшқан.*

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жарандар! Сіздерді ардақты әкеміздің рухына бағышталған жылдық дұға-асқа шақырамыз! Марқұмның жылдық асы Баянауыл ауылы Мұса мырза мешітінде 30 қыркүйек күні сағат 12:00-де беріледі.

**Еске алушылар: жұбайы мен ұлдары**

## САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Аяулы анамыз, ардақты әжеміз, алтын алқа иегері **Минара Таубайқызы Солтанованың** дүниеден өткеніне бір жыл толып отыр. Жаны жайсаң, ет жүрегі туған-туысқа елжіреп тұратын, қыздар мен келіндерге үлгі болған анамыз әкеміз Солтанұлы Тайлақпен жарты ғасырдан астам уақыт бақытты үлгілі жанұя болды. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере-жиен, шөбере сүйген асқар тау әкеміз бен аяулы анамызды еске алып рухына мәңгілік бас иеміз.

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, жерлестер!

Анамыз Минара Таубайқызына арналған жылдық асы 30 қыркүйек күні сағат 12:00-де Екібастұз қаласы, Қонаев көшесі, 2-үй. «МерАман» мейрамханасында беріледі.

**Еске алушылар: балалары.**



## АСЫЛ БЕЙНЕҢ ЖАДЫМЫЗДА



Ардақты анамыз, асыл әжеміз **Айтмахан Бибісара Шалабайқызы** арамыздан ажырағанына 40 күн толды. Мейірім мен қамқорлығына бөлеген анамыздың орны әрқашан бөлек. Анамызға жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын деп дұға етеміз. Марқұмның 40 күндік асы 7 қазан күні, сағат 15:00-де Баянауыл ауданы Мұса Мырза мешітінде беріледі.

*Асыл Ана, жүзің нұрлы күн едің  
Шаңырақтың мерекесі гүл едің  
Сабырлы едің, қадамы бар салмақты  
Мейірімге бөлеуші едің, жан жақты.*

*Анамның аты Сара еді,  
Біз үшін орны дара еді.  
Кең пейіл жаннан айырған,  
Бұл өмір неткен тар еді!*

**Еске алушылар: балалары, немерелері, туысқандары.**

## ҮЙ САТЫЛАДЫ

Баянауыл ауылы, М.Әуезов көшесі 100, 1-пәтер үй сатылады. Үй 4 бөлмелі. Ем-хана, мектеп, автобекет үйдің маңында. Үйге су тартылған. Қора, бақшасы бар. Не болмаса Екібастұз қаласындағы 1-2 қабаттағы 2 бөлмелі пәтерге айырбастауға болады.

**8-705-342-68-93 номеріне хабарласыңыздар.**

## ПӘТЕР САТЫЛАДЫ

Баянауыл ауылы, Шон Едіге көшесі 2, 1 пәтер сатылады. Пәтер 2 бөлмелі. Құжаттары бәрі дұрыс. Су өткізілген.

**Толығырақ ақпараттар үшін: 8-705-593-68-92 номеріне хабарласыңыздар.**

## «Баянтау» газетінің редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылғы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

**Директор:**  
Айдана Тұрғынбайқызы  
**АЙТУҒАНОВА**  
8-702-179-10-87

**Тілшілер:**  
Жұлдыз Айтмұқанқызы  
**ҚАТАЙ**  
8-777-321-18-80

Жүсіпбек Жанабекұлы  
**ӘБІЛЕШ**  
8-771-402-90-09

**Дизайнер-оператор:**  
Ерболат Қабышұлы  
**СЕКСЕНБАЕВ**  
8-705-198-67-07

**Жергілікті тілшілер:**  
Бағзад Нұртайқызы  
**ӘБДЕНОВА (Баянауыл)**  
8-777-612-86-96

Мұхамет-Қайыр  
**ШӘРІПОВ (Жаңатілек)**  
8-705-629-82-30

## МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49-үй,

Жұмыс тел.: 9-28-38, 9-28-37  
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru  
Instagram: @bayantau\_gazeta  
Facebook: Баянтау газеті

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

**Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.**

Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана, ал мезгілінде жеткізілуіне пошта бөлімшесі жауап береді.

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына 1 рет, жұма күндері шығады.  
Таралымы: 1780 дана  
Көлемі: 2 б.т.

## Оқшау ой...

Бағзад  
НҰРТАЙҚЫЗЫ

## «ШАЛДЫҢ БАЛАСЫ...»

*Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда қаланы қойып ауылдық жерде «Шалдың баласы», «Әжесінің баласы» аталып жүрген немерелер саны некен-саяқ. «Қазіргі жастар балажан» деп мақтап жатамыз. Жас жұбайлар кішкентай бөбектерін ата-әжелерінің бауырына салуға құлықсыз екені шындық.*

Біз мектеп қабырғасында оқып жүргенімізде клаcымызда Бека деген тентек, шалдуар бала болды. Сабаққа қырсыздау Бека үзіліс кезінде қыздарға қырғидай тиіп, бәрін шулатып жүретін. Сонда мектеп мұғалімдері «Бекаға сөз өтпейді, өйткені ол «шалдың баласы» деп оның тентектігін көрсе де көрмегенсіп жүретін. Өзінен кішілерге әлімжеттік салудан алдына жан салмайтын Бека «Құдайдың еркесі» екеніне ол кезде мән бермеппіз. Беканың әкесі оны кішкентай кезінен ата-әжесінің бауырына салған. Содан болар, Бека әке-шешесін аттарын атап құрдасындай сөйлесіп жүре беретін. Ал Беканы ұрмақ түгілі қатты сөз айтуға әке-шешелері «шалдан» қорқатын.

Кейін есейе келе мектеп бітірген соң бәріміз жан-жаққа кеттік. Жылдар жылжып өтіп жатты. Мектеп бітіргенімізге отыз жылдай уақыт өткен соң ауыл мешітінде әлдебір марқұм ағаның дұға асында Бекамен кездесіп қалдық. Баяғы ерке, тентек сары баланың орнында, байсалды, ақыл тоқтатқан жігіт ағасы жасына келіп қалған клаcтасымызды көріп таңырқап қалдық. «Дұға асқа әдейілеп келдім. Батасын жасап қайтып барамын» деген клаcтасымызға қарап отырып, кешегі «Шалдың баласы» атанған Беканың көп нәрсені көңіліне тоқып, үлкеннің тәлімді тәрбиесін бойына сіңіргенін аңдадық.

Ұлтымыздың иманы, діні мен тілі, байырғы әдет-ғұрыптары аяқ асты етілген кеңестік идеология заманында нақ осы «шалдың баласы» институты халқымыздың асыл қасиеттерін үй ішілік тәрбиемен сақтап қалуға, ұмыттырмауға себін тигізгені анық. Атасының үйретуімен үлкендерге сәлем беру, ас қайырғанда «Аллаһу-акбарын» айтыпбет сипау, қонақасыда дастархан жағалай үлкендердің қолына су құйып құрмет көрсету, өмірден өткен марқұмдарды еске алу дұға асында құран оқуды үйренудің не екенін біліп ер жетті. Атасының бауырындағы балаға ізгілік пен иман табиғи тіршілікпен кішкентайынан біте қайнасып дарыды. Шындығында кеңес заманында шалдардың тәрбиесі мығым болды.

Қазір кішкентай баладан «Кімнің баласысың?» деп сұрай қалсақ, «Папамның» я болмаса «Маманың» деп жауап береді. «Атамның» я болмаса «әжемнің баласымын» деп айтатын балалар сиреп барады. Қариялар жылдан жылға азайып барады. «Қазіргі бала бала емес, бәле» дейтін ата-әжелер пайда болды. Балалардың қолында ұялы телефон ата-әжелер тәрбиесінің орнын алмастыра бастады.

Ата-әжесінің баласы болу ата-ана тәрбиесін жоққа шығармайды. Қайта толықтырады, толыққанды етеді. Ата-әже тәрбиесі бала тәрбиесіне иман нұрын ұялатып, саналы азамат етуге жол бастайды. «Шалдың баласы» атанып жүрген бүлдіршіндерге Алланың нұры жаусын дейміз.

## Құттықтаймыз!

Ішкі істер қызметінің ардагері **Баязитов Ибрахим Фаридұлы** 29 қыркүйек күні 60 жасқа толағын мерейтойымен құттықтаймыз.

Баянауыл аудандық ішкі істер бөлімінде қоғамдық тәртіпті сақтаудағы көп жылғы еңбегіңіз, қызметтегі жауапкершілігіңіз, жеткен табыстарыңыз, қажырлы еңбегіңіз кейінгі жастарға үлгі. Ардагерлер ортасында сыйлы абройлы болып, жасай беріңіз.

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, құт-береке, бақытты, ұзақ ғұмыр тілейміз!

60 жас мерейтойың құтты болсын,  
Дос-жаранмен әрқашан орта толсын.  
70,80,90 мен 100-ге келіп,  
Басыңызға Қызырдың бағы қонсын.

Ізгі ниетпен: Баянауыл аудандық  
Ішкі істер бөлімінің ардагерлер кеңесі.



## Хат-қоржын

## БАЯННАН ШЫҚҚАН СҰРМЕРГЕН



Асық ату, жамбы ату, аударыспақ, көкпар секілді т.б. қайраттылықты қажет ететін ойындар, сайыс түрінде қабылданса да, бұл ойындардағы қимыл-әрекет – ер баланың ширап, шынығып жетілуіне зор ықпалын тигізеді жаттығулар ретінде де қаралғаны сөзсіз. Бір қарағанда баланың ойыны секілді болып көрінетін асық ату ойынының да түпкі мақсаты осыған саяды. Асық ату ойыны – ең бірінші кезекте, ер баланы дәлдеп көздеуге дағдыландыру арқылы мергендікке баулиды. Қорамсақ-

ты басқа жастап жататын жаугершілік замандарда, мергендік шеберлігі үлкен құрметте болғаны айдан анық. Ал табандылық, шыдамдылық, қайсарлық секілді қасиеттердің, осы ойынды айналып өтпейтінін дәлелдеудің де қажет жоқ. Кешегі Одақ құрамында болған кезде, «сыңар езу саясатын» салдарынан, ұлттық құндылықтарымыздың біразы қалтарыста қалып қойды. Солардың бірі – асық ату ұлттық ойыны болды. Бүгінде, Ұлттық федерация құрылып, республика көлемінде жарыстар өткізіліп, асық ату ұлттық ойынымыз қайта жаңғырып отыр. Ал енді осы асық ату ойынының әлемдік деңгейге көтерілуі – түбі Түркі халықтарына, бөрігін бұлтқа тигізедей аспандата лақтырып қуанатындай, қуанышты сәтті сыйлады.

Биыл қыркүйек айының басында, тұңғыш рет асық ату ойынынан Әлем біріншілігі, Румынияның Констанца қаласында өтті. Бұған дейін Әлем жұртшылығын қамтып өткен сайыстар – тәжірбие алмасу мақсатында, жолдас-тық кездесулер деңгейінде өткен екен. Осы доладағы командалық жарысқа 12, жекелеген жарысқа 15 мемлекеттің асықшылары қатысты. Қазақстан құрамасынан екі команда сайысқа түсіп, Әлем біріншілігінің бірінші, екінші

жұлделі орындарын иеленді. Сол командалардың құрамында болып, өзінің нәтижелі ойынымен көзге түскен жерлесіміз Қуаныш Қабылданың болуы – баянауылдықтар үшін үлкен абырой. Небір санлақтар жиналған бәйгелі додаға қатысып, өзінің өрелі өнерін таныта алған жерлесімізге «Әрдайым сақадай сай бол!», деген тілек айтайық.

Тағы бір айта кететін жайт, биыл Көкшетау қаласында өткен ел біріншілігінде Павлодар командасы, алдарына Шымкент облысының командасын ғана алға салып, жұлделі екінші орынды иеленген болатын. Сол команданың құрамындағы 4 ойыншының екеуі, Қуаныш Қабылда мен Жандос Туkenovтің Баянауыл өңірінің тумалары екендігін мақтанышпен айтпаса болмас. Өкінішке орай, жерлесіміз Әлем біріншілігіне жолдама алып тұрып, бір себептермен жолынан қалуға мәжбүр болды. Жерлесіміз Жандостың, алар асуларының әлі алда екеніне, әлі талай мәрте жеңіс тұғырынан көрінетініне сенімдіміз.

Асықты жіліктен асықты айырып жатқанда, асығын тағатсыздана күтіп, таласып тұратын бала барда – асығымыз күресіндегі күлге аунап жатпайды.

Ержан Түсіпбаев



«Баянтау» instagram  
парақшасына

ЖАРНАМА  
ҚАБЫЛДАУ

@bayantau\_gazeta парақшасында жарнама  
орналастыру — 1000 теңге.  
Пост және stories

+77021791087